



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
года \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ данасы

экз. № \_\_\_\_\_

№ исх: 23-11/1784 от: 12.07.2017

**Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары  
К.И. Мұсырманға, Б.Б. Мамраевқа,  
Ф.А. Қаратаевқа, Ж.А. Омарбековаға**

2017 жылғы 15 маусымдағы № ДС-163

### **Құрметті депутаттар!**

2017 жылғы 14 маусымда Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысында жарияланған мүгедектердің және жалғызбасты қарт адамдардың мүлкін заңсыз иемденуден қорғауды қамтамасыз ету мәселесі бойынша Сіздің депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

*Алматы қаласында болған жалғызбасты қарт адамдардың және мүгедектердің мүлкін заңсыз иемдену фактілері себептеріне талдау жүргізуге, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың мүлкін қорлықпен үшінші адамдарға иеліктен шығаруды болдырмау жөнінде шаралар қарауға қатысты.*

Ішкі істер министрлігі қылмыстық істерге жүргізген талдау көрсетілген санаттағы адамдарға қатысты жасалатын қылмыстардың негізгі себептері сенгіштіктен, психологиялық және дене күшімен басуға оңай көнуінен, айналасында туыстық және жақын байланыстардың болмауынан, құқықтық сауатсыздықтан (қолданыстағы заңнама туралы хабардар болмауы), әртүрлі мәселелер бойынша консультация сенім телефондарының жұмыс істейтін жедел желілері туралы хабардар болмауынан орын алатындығын дәлелдейді.

Осындай қылмыстардың алдын алу мақсатында ішкі істер органдары тиісті іс-шараларды, оның ішінде «Учаске», «Құқық тәртібі», «Қанғыбас» және басқа да жедел-профилактикалық іс-шаралар шеңберінде тұрақты негізде өткізеді.

Жергілікті полиция қызметі аула бойынша (пәтер бойынша) әкімшілік учаскелерді аралап шығуды, халықпен жиындарды өткізеді, келіп түсетін

ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асырады (ағымдағы жылдың басынан бастап халықпен 9 мыңнан астам жиын өткізілді).

Халыққа қызмет көрсетілетін аумақта құқық тәртібінің жағдайы, құқыққа қарсы қол сұғу шылықтардан қорғанудың тәсілдері мен әдістері жеткізіледі, сондай-ақ қылмыстардың және қылмыстық құқық бұзушылықтарды, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал санаттарына (мүгедектер, зейнеткерлер, жалғызбасты тұратындар, жетімдер және т.б.) қатысты жасалатын қылмыстардың ерте алдын алу мәселелері қарастырылады.

Осы жұмыстың тиімділігін арттыру үшін Ішкі істер министрлігі аумақтық органдарға әлеуметтік қызметшілерді тарта отырып, жалғызбасты қарт адамдарға және мүгедектерге қатысты жасалатын қылмыстардың алдын алуға ерекше назар аудару бойынша тиісті нұсқау жолдады.

Бұдан басқа Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, осы санаттағы адамдардың құқықтарын қорғау бойынша қосымша шаралар қабылдады, соған сәйкес олармен әлеуметтік қызметкерлерді бекіту жөнінде жергілікті жерде жұмыс жүргізіледі, сондай-ақ арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсету бойынша оларға бару тиісті кестелері бекітілді.

***Жалғызбасты қарт адамдардың және мүгедектердің жылжымайтын мүлік объектісі туралы құқықтық кадастарда мәліметтерге рұқсатты шектеу бойынша шаралар қабылдау мәселесіне қатысты.***

Жалпы қолданыстағы заңнама құқық иесіне және шектелген адамдар тобына ғана ұсынылатын құқықтық кадастрдан мәліметтерді алуға шектеулерді көздейді.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен (17-б.) жылжымайтын мүліктің нақты объектісі бойынша ақпарат берілетін жеке және заңды тұлғалардың санаты белгіленді, сондай-ақ Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларымен (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы №131 бұйрығымен бекітілген) оны ұсыну тәртібі белгіленді.

Будан басқа, нотариустар Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасау қағидаларына (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 бұйрығымен бекітілген) сәйкес, өз құзыретінің шегінде «Жылжымайтын мүлік тізілімі» арқылы жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді жылжымайтын мүлікпен мәмілені куәландырған кезде ғана алады.

Қазіргі уақытта Әділет министрлігі «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен бірлесіп, құқықтық кадастрдан мәліметтерді алу үшін оларды алуға уәкілетті адамдарға шектеулер белгілеу бойынша мәселелерді пысықтауда.

Мысалы, құқық қорғау, сот органдары және сот орындаушылары үшін басталған сотқа дейінгі тергеп-тексерудің болуын міндетті түрде тексеру, субъектінің ЖСН немесе БЖН тексеру, қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау жүзеге асырылатын болады.

Нотариустар үшін мәміле жасасудың бірыңғай үш қадамды процесі енгізілетін болады, оған сәйкес мәміле жасасудың аяқталмаған процесі

жағдайында жүйеде нотариустың электрондық цифрлық қолтаңбасымен оны үзудің негіздері көрсетіледі, кейіннен олар әділет органдарының тарапынан тексеруге жатады. Сондай-ақ аумақтылығы бойынша құқықтық кадастрдан мәліметтерді алуға және қайтыс болғанның (мұра қалдырушының) «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік деректер базасы арқылы мәртебесін тексеру шартымен мұраны ресімдеу жағдайларын қоспағанда, объектілер бойынша (мекенжай бойынша) мәліметтерді алуға рұқсатты шектеу жөнінде мәселелер пысықталуда.

Көрсетілген шаралар ақпараттық жүйелер арқылы қашықтықтан барлық нотариустарға олар құқықтық кадастрдан мәлімет алған кезде мұқият мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді (*іске асыру бюджеттік өтінім бекітілгеннен кейін 2018 жылы жоспарлануда*).

***Бұрынғы полиция қызметкерлерінің қылмыстық топтың құрамында қылмыс жасаудың себептерін анықтауға және осыған ұқсас фактілерді болдырмау, ішкі істер органдарында тәрбие жұмысын күшейту бойынша шаралар қабылдауға қатысты.***

Бұрынғы полиция қызметкерлерінің қатысуымен Алматы қаласында жалғызбасты қарт адамдарға қатысты жасалған қылмыстық фактілер бойынша тергеу жүргізілуде, тергеу барысында осы қылмыстарды жасаудың барлық мән-жайлары, себептері мен жағдайлары анықталуда.

ПО-ның жеке құрамы арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Ішкі істер министрлігі ұйымдастырушылық және практикалық шаралар қабылдауда.

Қазіргі уақытта ішкі істер қызметкерлерінің жол берілетін бұзушылықтар үшін жеке жауапкершілігі айтарлықтай қатаңдатылды, тәрбие жұмысын ұйымдастыру қайта қаралды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар әзірленді және енгізілді, Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің және жергілікті жерлерде консультативтік кеңесші органдарының ролі күшейтілді.

ПО-ға қызметке тұратын кандидаттарға талап күшейтілді. Ағымдағы жылдың басынан бастап іріктеудің үш қадамды жүйесі енгізілді, кандидаттар Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттікте тестілеуден және жеке қасиеттерге баға беруден өтеді, полиграф пайдаланылады, әлеуметтік-психологиялық зерттеулер (*анонимді сауалнама жүргізу*) жүргізіледі.

Жеке құрамның мемлекеттік-құқықтық ақпараттандырылуын ұйымдастыру мақсатында бекітілген жоспарға сәйкес әлеуметтік-құқықтық оқу жүйесінде еліміздің дамуының басымды бағыттарының іске асырылуын, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін және тәртіп пен заңдылықты сақтауды түсіндіру бойынша сабақтар өткізіледі.

«Тәлімгерлер кеңесі» институты даму үстінде. Қазіргі уақытта жас мамандарға 7 мыңнан астам тәлімгер бекітілді, оның ішінде ардагерлер бар.

Азаматтардан полиция қызметкерлерінің құқыққа қарсы іс-әрекеттеріне сигналдарды уақты алу мақсатында Ішкі істер министрлігінде «1402» Бірыңғай сенім телефоны жұмыс істейді.

*Анықтама үшін: 2016 жылы 424 хабарлама келіп түсті, 86-ы расталды және 67 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Ағымдағы жылдың 5 айында – 172 хабарлама, 17-і расталды және 24 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.*

Полиция қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істерді қарау бойынша ашық сот отырыстарын жүргізу практикасы жалғасуда. Ағымдағы жылы 28 көрнекі сот процесі өткізілді.

***Нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың заңдылығына және нотариустардың іс жүргізу қағидаларын сақтауына бақылауды күшейтуге қатысты.***

«Нотариат туралы» Заңның 31-бабының 2-тармағына сәйкес нотариустың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің заңдылығы және оның іс жүргізу қағидаларын сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатасы жүзеге асырады.

Кәсіпкерлік кодекстің 141-бабына сәйкес нотариаттық қызметтің субъектілері ішінара, жоспардан тыс тексерулер мен бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандары жүргізілетін тексерілетін субъектілердің (объектілердің) екінші тобына жатқызылады.

Нотариустар заңсыз іс-әрекеттер жасаған жағдайда қылмыстық, әкімшілік, материалдық, тәртіптік және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жауапкершілік алады (*«Нотариат туралы» Заңның 24-бабы*).

Қазіргі уақытта Парламент Мәжілісі депутаттарының ағымдағы жылғы 29 мамырда Үкіметтік сағаттың қорытындылары бойынша ұсынымдарын іске асыру шеңберінде Әділет министрлігі нотариустардың жауапкершілігін күшейту, кандидаттар үшін біліктілік талаптарын қатаңдату, нотариус лицензиясының қолданылуын тоқтату негіздерін қайта қарау бөлігінде тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелерін пысықтауда.

**Б. Сағынтаев**